

УДК 37

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ – ТІЛ

Кенжебаева Ж.Қ.
Қазақ тілі мұғалімі
№ 2 мектеп-лицей,
Қостанай қаласы

Аннотация

Мақалада қазақ тілі – аса бай тіл екені, оның қадір- қасиетін, қырсырын бір баяндамада қамтып, түсіндіре жеткізу мүмкін еместігі көрсетілген. Автор өзге ұлт зиялыларының пікірлерін мысалға келтірген. Қазақ тілінің тазалығы жайында француз ғалымы А.Жарри де Манси, В.В.Радлов «Зирго» журналының 6 томының 70 бетінде жарық көрген «Средняя зарафшинская долина» мақаласында жазыпты.

Татар ғалымы Саиди 1926 жылы Қазан қаласында басылған «Тіл, әдебиет, жазу әм олардың өсулері» кітабының 86 бетінде: «Қазіргі ең бай, ең таза, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол да қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым намы үшін біз мұны ашық айтуымыз керек», - дейді. Олай болса, біз еліміздің әр азаматының өзге тілдерді үйренуге деген еріктеріне құрметпен қарай отырып, барша жұртшылықты тәуелсіздігіміздің тірегі – мемлекеттік тілдің әлеуетін арттырып, рухын биік ұстауға шақырамыз.

Аннотация

В данной статье рассматриваются высказывания выдающегося французского ученого А.Жарри де Манси, русского ученого В.В.Радлова в 6-томном журнале «Зирго», в статье «Средняя зарафшинская долина» о богатстве и чистоте казахского языка. Также приводятся высказывания татарского ученого Саиди. Автор также приводит высказывания казахских биев и акынов, поэтов и писателей, насколько богат и содержателен казахский язык, его меткость и точность в определении жизни и быта казахского народа. Поэтому мы призываем всех жителей нашей страны изучать на добровольной основе казахский язык, как основу независимости всех народов нашей страны.

Abstract

This article discusses the statements of prominent French scholar A.Zhorri de Muncie, Russian uchenogo V.V.Radlova 6-volume journal "Zirgu" in the article "High zarafshinskaya Valley" of the richness and purity of the Kazakh language. statements Tatar scientist Saidi is also provided. The author also quotes Kazakh biy and akyns, poets and writers, as rich and informative Kazakh language, its accuracy and precision in the definition of life and way of life of the Kazakh

people. We therefore call upon all the inhabitants of our country to study on a voluntary basis the Kazakh language as the basis for the independence of all the peoples of our country.

Түйінді сөздер: мемлекеттік тіл, тәуелсіздік, қазақ тілі, тәрбие, қазақ халқы, этнос, дәстүр, жеке тұлға.

Ключевые слова: государственный язык, независимость, казахский язык, воспитание, казахский народ, этнос, традиция, личность.

Key words: state language, the independence, the Kazakh language, education, the Kazakh people, ethnicity, tradition, identity.

Тіл туралы заңның шыққанына жиырма жылдан асып кетті. Осыған орай жақында Елорданың Рәміздер алаңында Қазақстан халқы тілдерінің ХІ қалалық фестивальді ұйымдастырушылардың бірі «Жас Отан» жастар қанатының мүшелеріне өз замандастарына үндеу жолдап, көп ұлтты мемлекетіміздің барлық этностарының тілі мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға бағытталған Елбасы саясатын қолдайтындықтарын, мемлекеттік тілді дамыту- бәріміздің ортақ парызымыз екеін айта келіп: «Олай болса, біз еліміздің әр азаматының өзге тілдерді үйренуге деген еріктеріне құрметпен қарай отырып, барша жұртшылықты тәуелсіздігіміздің тірегі – мемлекеттік тілдің әлеуетін арттырып, рухын биік ұстауға шақырамыз!» – делінген. Абай Құнанбаев, Махамбет Өтемісов, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов т.б. сияқты Ұлтымыздың Ұлы тұлғалары сөйлеп, жазған, мақтаныш еткен қазақ тілінің байлығы ұшан- теңіз!

Қазақ тілі – аса бай тіл. Оның қадір- қасиетін, қыр-сырын бір баяндамада қамтып, түсіндіре жеткізу мүмкін емес. Өз тілімізді өзіміз жамандамайтынымызда анық. Сондықтан да өзге ұлт зиялыларының пікірлерін мысалға келтірейік. Қазақ тілінің тазалығы жайында француз ғалымы А.Жарри де Манси: «Қырғыз (қазақ) тілі – түркі тілдерінің ішіндегі мейлінше таза тілдерінің бірі»[Жарри де Манси А. История древних и новых литератур, наук и язычных искусства. Москва, 1832. 104-105 стр.], – десе, В.В.Радлов «Зирго» журналының 6 томының 70 бетінде жарық көрген «Средняя зарафинская долина» мақаласында: «Қазақтың тілі ұшқыр да шешен, ойнақты да, өткір, сұрақ-жауаптарға оңтайлы, кейде тіпті таңқаларлық түрде тапқыр және бәрі де, тіпті оқыған сауатсыздарының өзі де өз тілін жетік меңгерген, мұндай жағдайды біз тек Еуропадағы француздар мен орыстардың бойынан ғана байқаймыз», – деп жазыпты.

Татар ғалымы Саиди 1926 жылы Қазан қаласында басылған «Тіл, әдебиет, жазу әм олардың өсулері» кітабының 86 бетінде: «Қазіргі ең бай, ең таза, ең табиғи және бұзылмай, бұрынғы қалпында сақталып қалған бір тіл болса, ол да қазақ тілі және қазақ әдебиеті, шын ғылым намы үшін біз мұны ашық айтуымыз керек», – дейді.

В.В.Радлов тағы бір еңбегінде: «Көп уақытта қазақ, қырғыздың сөзі өлең, жыр тәрізді болып шығады: сөздері ырғақты, ұйқасты келеді.

Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір, көркем сөзді сүйеді. Поэзияны өте қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал-мәтелі болсын, жоқтау, бақұлдасуы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын- бәрі де өлең, жыр болып келеді», – деген пікір айтады.

Қазақ – ежелден ақын халық, бүкіл тарихы, мәдениеті, салт- дәстүрі, әдет-ғұрпы мен тұрмыс- тіршілігі, ділі, бәрі-бәрі жырларында сақталған. «Ақынға қара сөзден өлең оңай», ақындар көбіне қара сөзден гөрі өлең-жырға көңіл бөліп, ойларын өлеңмен өрнектеуге ұмтылған. Оны ертегі – аңыздарынан, әпсаналарынан да, мақал-мәтел мен ұшқыр сөздерінен де аңғару қиын емес.

Қазақ ауыз әдебиетін жинауға белсене қатысқан Г.Н.Потанин: «Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай көрінеді», – деп қазақ еліне келгенде біздің сөйлеу мәдениетімізге, рухани қазынамызға үлкен баға берген.

Замандасымыз Орталық Азия тарихи – мәдени зерттеу орталығының құрылтайшысы әрі төрағасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің философия тарихы және мәдениеттану кафедрасының ізденушісі Америкада туып-өскен Чарльз Уеллер: «Қазақ тілінде кездесетін мақал-мәтел, теңеу, т.б. сөздердің көптігі, олардың мән-мазмұнының тереңдігін таңғалдырады. Өте, өте бай тіл...» [Ана тілі, 19 мамыр, 2005. Б.13.], - деп орыс тілін араластырып сөйлейтін әдетімізге қайран қалады.

Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады...

Халқымыздың ауыз әдебиетіндегі сөз өнері, оның көркемдік дәрежесі өзгеше. Әсіресе халқымызды ақындар айтысы, табан астында суырып салу дәстүрі, айтқыштығы мен тапқырлығы ерекшелендіре түседі. Ертегі, аңыз әңгімелеріндегі қара сөздерінің өзі ұйқасқа, дыбыс үндестіктеріне (аллитерация, ассонанс) құрылады: «Бар екен де жоқ екен, ерте-ерте, ерте екен, ешкілері бөрте екен, қырғауылы қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен, бұрын бұрын, бұрында Қаңбақ шал деген шал болыпты, мал мен басқа зар болыпты...»

Би-шешендердің сөздеріндегі ұйқастар мен тапқырлық, мақамдар, дыбыс үндестіктері тіпті өзгеше.

Қазбек би: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт- береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз, басымыздан сөзді асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәмі, тұзын ақтай білген елміз. Атадан ұл туса, құл болмасын деп тумайды, анадан қыз туса күн боламын деп тумайды. Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз».

Шоған би: «Әркімнің туған жері өзіне Мысыр – шаһар. Ерден кетсе де, елден кетпек жоқ, дүниеде туысқан қымбат. Туысқан намысын қуысқан қымбат! Елдің тұтастық бірлігі – жаныңнан, сағыныш қызуы-қаныңнан, жанымды да, қанымды да өзгенің өлең жеріне тастағым жоқ. Ерлігімді елдігіме тапсырдым, кеңдігімді ұлан далама тапсырдым. Екеуің де туысымсың, жұмсам уысымсың. Туысқандық – туым, қазақ жүрген жерім- нуым».

Ауыз әдебиетіндегі осы үлгілерді кейінгі ұрпақ дәстүрге айналдырып, өз шығармаларында пайдаланғаны байқалады. Ы.Алтынсариннің «Қара батыр» ертегісін оқып көрейік: «...Қарлығаш ұшты аспанмен, баланың айтқан жоспармен, асқар – асқар таулармен, айдын шалқар көлдермен, батбақ- лай шөлдермен, түрлі- түрлі жерлермен; қос қанатын қамшылап, аспаннан қатер көрінсе, таса жерді жамшылап, үстінен тері тамшылап, неше мерзім жерде өтті, неше мерзім елді өтті, нақ отыз күн болғанда, бір ауылға сол жетті, баланың айтқан ауылы осы ма деп меңзепті».

Бұл жолдарды өлең үлгісіне түсіріп жазса болды, ұйқасы құйылып, әр жол бір-бірімен үндесіп, жымдасып, жырға айналып кеткелі тұрған жоқ па?!

Жоғарыда келтірілген мысалдар мен М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романдарында қара сөз бен өлеңнің алмасып оыруы, батырлық, ғашықтық эпостарымыздағы «әлқисса» деп алып поэзия мен қара сөздікөзек қолдануын еске түсіреді. Бұл романдардағы қара сөздердің өзі өлендей оқылады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романынан үзінді келтірейік:

«Марқакөлдің суы балдай. Марқакөлдің суын ішіп, отын жеген сары қарын, тұтам емшек жануардың бауырынан сүт сорғалап, сүт емес – ау, құт сорғалап, көнек- көнек лықылдайды; қара саба емізіктеп, қою, салқын, сары қымыз, быжылдаған дәрі қымыз шара-шара шыпылдайды. Бір шарасын ішкен адам дәл қор қызын құшқандай боп, беті – шикан дуылдайды, аузы- қобыз гуіл- дейді, мас болады, жас болады: жел жетпеске мініп алып, алтай тауын дүсірлетіп, таудың тасын күтірлетіп, көкпар, жарыс, алыс- жұлыс, асыр салып жатқаны».

Енді «Қартқожа» романын оқып көрейік:

«Туған жердің қымбатын ғылым іздеп, шет жайлап, кітап қарап сарылып, көзінің майын тауысып, көшенің шаңын көп жұтқан шәкірт білмесе, кім білсін?

Туған жердің артығын, жазатайым іс етіп, күштілерге күш етіп, еріксіз елден айырған, шеттен дәмі бұйырған, жаттан сыйлау көрмеген, ер білмесе, кім білсін?

Туған жердің қадірін әлеуметтің ісіне басын байлап, жегілген, қағаз кемірген, күйіп-пісіп, көбелек боп, еңбегінің жемісін көрсем- ау деп телмірген, тар көше мен тар үйде бойы бір сергіп көрмеген азамат білмей, кім білсін?»

Автордың әр сөйлемінің басын «Туған жердің» деп бастап, «Кім білсін» дегенмен аяқтауы шығармаға шырай беріп, динамикалық күш қуатын арттыра түскен.

«Ақ өлең дейтін көркем сөз ұйқасқа емес, ырғаққа, лепке, ритмге құрылады. Оған ұйқастың себі де жоқ, зияны да жоқ», – деп Ғ.Мүсірепов атап көрсеткендей, бұл жолдарды ақ өлең десе де болғандай, ұйқассыз да емес.

М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінің мына жолдарындағы терең ой, дәл теңеу-бейнелеу, қуатты екпін, құнарлы тіл, түбірлі ұйқас – автордың ақындығын айқындай түскен: «Теңіз жанының мінезін білуге мүмкін емес. Бір қарасак, әйел – бала, күйерін білмей отпен ойнайды. Әйелдердің тәңірісі, жарата да алады, жоқ қыла да алады, сүйдіре да алады, күйдіре де алады. Әйелдердің құлы, табанының астында топырақ болады, ердің көлеңкесіне айналады, өзі жоқ болады. Әйелдің аруағы басса, ер күйеді, жанады. Бірақ өзінің жеке бір адам екендігін ұмытпайды, жоймайды. Ердің аруағы басса, әйел адамдықтан шығып, жоққа айналады. Есінен айрылады. Тілі байланады»[Жұмабаев М. Шығ., А., Жазушы, 1989.304 б.].

Бұл дәстүр Ғ.Мүсірепов, Ә.Тәжібаев, С.Мәуленов, Ә. Кекілбайұлы, т.б. жазушылар шығармаларында да жиі ұшырасады.

Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романы: «Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам...зытып келе жатқаным – қашып келемін, артыма қарай беретінім – қорқып келемін», – деп басталады. Романдағы осы екпін, стиль аяғына дейін жалғасады, әр сөзі теңемелі, тұлғалы.

«Кездеспей кеткен бір бейнесін» автордың поэма атауы да тегіннен-тегін емес. Онда поэзияға тән көркемдегіш құралдар, көтеріңкі леп, лиризм бар. Осы сенімді «Ана жыры», «Қыран жыры» шығармалары ақ өлеңге құралса, «Ақан сері - Ақ тоқтысы» – тұнып тұрған поэзия.

«Проза – қара сөз емес, ырғағы бар, негізгі ойынды теңеу, бейнелеу арқылы оқушының сезіміне дәл тигізген көркем сөз», – деп жазушының өзі шабытты жазылған.

Ә.Кекілбайұлы: «Ойдағымыз болды. Ортамыз толды. Төбедегі келді. Төрелескенде де ренжитін ретіміз жоқ, тек ұзағынан сүйіндіргей. Ақ жолдың алдындамыз. Үлкен тілектің үстіндеміз. Жан-жағымызға бірдей әділ, өткеніміз бен ертеңімізге бірдей сергек бола білсек болғаны. Өйткені, бағзыдағыларымыздың аруағы жебесін, бүгінгілеріміздің тілегі демегесін, жетіп отырмыз бұл күнге».

Инверсиялы шабытты жолдар, ұйқастар, көтеріңкі пафос адам жанын баурап, ынтық етіп, ойға шомылдырып, қиял жетегіне алып әлдеқайда ілестіріп әкетеді.

Тұрақты сөз тіркестеріміз қандай бейнелі, бедерлі? Мәселен, «қой аузынан шөп алмайтын» (жуас), «салы суға кетіп отыр» (көңілсізденіп отыр), «тіс қаққан» (ысылған), «тісін қайрап жүр» (өшігіп жүр), «сиырқұйымшаққа салу» (бір нәрсені созып кету), «қас пен көздің арасында» (лезде), «ішік күй» (қызғаншақтық ету), «беті бері қарады» (айыға бастады), т.б. Бұл сөздерді басқа тілге аудару өте қиын.

«Ғылыми тіліміз қарапайым болуы керек», – деп жоғары оқу орындары мен мектеп оқушыларына арналған оқулықтарымыздың тілін қарабайыр етіп, қасандатып, ауырлатып алған сияқтымыз? Қарапайымдылық түсініктілікпен, көркем тілмен ұштаспайынша оқушысын баурамайды. «Сөз қасиеті – көркемділігінде, ой қасиеті – шындығында» (Ғ.Мүсірепов).

Академик М.Қозыбаевтың тарих саласындағы ғылыми мақаларының көбісін көркем кестелеуге ұмтылуы сондықтан болса керек. «Жауды шаптым ту байлап» мақаласында автор: «Тәуелсіздік жолы – күрес жолы. Тәуелсіздік келді, енді бәрі болады, бәрі орнына өзінен-өзі толады деп, жігерінді құм етуге болмайды. Абай ата айтқандай, мал табу жолына түсу керек. Мал өзінен-өзі табылмайды, жатқан тастың астынан су шықпайды. Болашақ ұрпақты жасампаздыққа үйрету парыз», – деп ұйқастырып, сөздерді дыбыс үндестігіне құрып, шалқыта жазады. Осы сияқты «Абылай дәуірі» мақаласында да осы стиль, екпін қайталанады: «Абылай

дәуірі – жүз мың тұлпарлардың тұяқтары ошақтай ойып қалдырған жорық жолдары. Ол Бұқар, Үмбетей сияқты жыраулардың «Аттан», «Аруак», «Ел болсайшы қайран қазақ» деген айбынды үндері. «Ақтабан шұбырындыны» басынан өткізген ұлы әжелеріміздің жоқтаулары, халық аңыздары мен жырлары, адам қаны жосып аққан сай-салалар, киелі Ұлы тау, қайғылы Қаратау, дабылды Аңырақай, ежелгі қасиетті орда Түркістан, құдыретті Көкшетау, қаһарлы Қалмақ-қырған – Абылай дәуірінің куәгерлері. Жасампаздық білім мен өнер арқылы болады. Тәуелсіздік жолы – азаматтық жол. Егемен елдің азаматы, арлы, зейінді, пейілді патриот жан.»

Қазақ тілінің байлығы, оралымдылығы, үйлесімділігі, өткірлігі, бір сөзбен айтқанда, сан қырлылығы осы үзінділерден – ақ аңғарылып тұрған жоқ па? Абай «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», – деген емес пе, прозамыз да, публицистикалық шығармаларымыз да өлеңдей өріліп, құйылып, төгіліп тұрса, ол – ана тіліміздің саралылығы, қазыналылығы!

Жазушы, аудармашы, қазақ тілінің жанашыры Герольд Бельгер «Ана тілі» газетінің 2002 жылғы 12 қыркүйектегі санында жарық көрген «Тіл туралы тезистер» деген үзік-үзік ойларының 13 қарай алмайтынын, ресейлік немістердің өз диалектілерінен айрылып қалғанын айта келіп «...Ал, қазақтың ел, жері аман. Тәуелсіз болды. Өз билігі өзінде. Керек жағдайдың бәрі бар. Тарихы, мәдениеті, діні қаз қалпында. Игі дәстүрлер де ұмытылған жоқ. Демек, ана тіліне ие болуы керек. Оны қастерлей білуі керек. Осы жайында мен биыл «Казахское слово» деген кітапша жаздым. «Елордада» шықты. сол еңбегімде шама-шарқымша қазақ тілінің құдірет-қасиетін, байлығын, көркемдігін, бейнелілігін, көп мағыналылығын ашып айтқан секілдімін», – десе, 12 сөзінде: «Тілді зорлап үйрету мүмкін емес. Иә қажеттілікте үйренеміз (мәселен, бізден Алманияға көшкен немістер қазіргі немістің әдеби тілін амалсыздан үйренеді, өйткені онсыз күні жоқ), иә ыждағаттылықтан. Ана тіліңе зәру болмасаң, қалай үйренесің», – дейді.

Біз де осы пікірді қуаттаймыз.

Әдебиет тізімі

1. Жарри де Манси А. История древних и новых литератур, наук изящных искусства. М., 1832. – 105 с.
2. Жұмабаев М.Шығ. – А.: Жазушы, 1989. – 304 б.
3. Аймауытов Ж.Шығ. – А.: Жазушы, 1989. – 558б.
4. Герольд Бельгер. «Ана тілі» газеті 2002ж.12.09.